

САБАҚ ОҚЫТУ ФОРМАСЫ. САБАҚТЫҢ ТИПТЕРІ, ТҮРЛЕРІ, ҚҰРЫЛЫМЫ

*Лектор: қауымдастырылған профессор, биология
ғылымдарының кандидаты Басығараев Жандос
Махабатович*

Дәрістің жоспары:

- 1. Сабақ оқыту формасының шығу тегі**
- 2. Мектептегі оқыту формасы – сабақ**
- 3. Сабаққа қойылатын басты талаптар**
- 4. Биология сабағының құрылымы**
- 5. Лекция- семинар түрінде сабақ өткізу**
- 6. Экскурсия (табиғат аясына саяхат)**
- 7. Сыныптан тыс және сабақтан тыс өткізілетін дәрістер**
- 8. Сабақтың құрылымы**
- 9. Биология мұғалімінің жұмыс жоспары**

Сабақ оқыту формасы және оның шығу тегі

Ең бірінші шәкірттерге сабақ беру, яғни оқытудың кең таралған түрі жекелей оқыту, одан кейін жеке топтарға бөліп оқыту әдісі пайда болды. Осындай білім берудің формалары, анти дәуірінде және орта ғасырда, ал кейбір мемлекеттерде **XVIII ғасырға** дейін қолданылып келді.

Жекелей оқытудың басты мәні, мұғалім оқушымен оқу-тәрбие жұмысын оның үйіне келіп жүргізді.

Ал жеке топқа бөліп оқыту бір топпен өткізіліп, ол кезеңде жеке-жеке оқушылармен жұмыс жүргізілді, себебі топтағы оқушылардың жас ерекшеліктері әртүрлі болды. Осыған орай мұғалім әрқайсысымен кезекпе-кезек өткізді. Әрқайсысына жеке тапсырма беріліп, жекелей бақылау жасап отырды.

Орта ғасырдан бастап адамдарға білім алу өзге қажеттілікке айналып, әлеуметтік-экономикалық үрдістің дамуына байланысты білім алуғы мұқтаждық арта түсті. Осы кезден бастап оқушыларды жасына қарай топтастырып, класқа сабақ өткізу ұйымдастырыла бастады. Осындай жүйенің қалыптасуы **XVI ғасырда** көптеген елдерде туындалып, сыныпта сабақ беру жандана бастады.

Балалар мектепке жылдың белгілі бір мерзімінде келіп, алдын ала күні, сағаты анықталынады. Сөйтіп, «оқу жылы», «оқу күні», «сабақ», «оқу демалысы» деген алғашқы түсініктер қалыптасып, осы кезге дейін өзінің сыныпта сабақ өткізудің ғылыми негізін дәлелдеп оқу жүйесіне қалыптасуы **Я.А.Коменскийдің, К.Д. Ушинскийдің** еңбектерінде анық көрсетілген.

1789 жылы Белл-Ланкастер оқыту жүйесі пайда болды (ағылшын священнигі А.Белл мен мұғалім Дж. Ланкастер). Оның басты мәні, жоғарғы сыныптардағы оқушыларды, оқытушының басшылығымен оқу материалдарын өздері үйреніп, содан кейін тиісті нұсқалар алып, төменгі сыныптардағы оқушыларға үйреткен.

XIX ғасырдың аяқ кездерінде оқыту формасы –АҚШ-та Башаев жүйесі және Батыс Еуропада **Мангейм жүйесі деген атпен** пайда болды. Бірінші жүйенің мәні оқытушының уақытын екіге бөліп – сыныппен сабақ өткізу, екінші әдіс бойынша оқушылармен жеке-жеке сабақ өткізу.

Мангейм жүйесі (Еуропадағы қаланың аты) –оқушылардың қабілетіне қарай, интеллектуалды дамуына, дайындық деңгейіне қарай классқа бөліп оқыту.

1925 жылы жекелей оқыту жүйесі қалыптасты. Бұл зертханада әрбір оқушы жеке-жеке жұмыс орындап, мұғалімге көмектесіп отыру еді. Ұжымдық сабақ күніне 1 сағат жүргізіліп, қалған уақытта оқушылар өз бетінше дайындалатын болды.

XX ғасырдың бірінші ширегінде жоба құрып, оқыту жүйесі немесе жоба құру әдісі пайда болды. **Оқытудың басты негізі** – оқушылардың практикалық қызметі, оқу жүйесі белгілі ретпен білім игеру.

Ең бір кең қаралған, тұрақты оқу жүйесі – мектеп бағдарламасы бойынша сыныпта сабақ өткізу жүйесі.

Мектептегі оқыту формасы – сабақ

Мектеп қабырғасында белгілі бағдарламаға сәйкес оқу үрдісін ұйымдастырудың басты түрі – сабақ. Бұл процестегі негізгі рөлді мұғалім атқарады. Сабақ белгілі анықталған уақыт мерзімінде, сыныпта, арнаулы оқушылардың тобымен, әрбір оқушының психо-физиологиялық ерекшеліктеріне қарай, әртүрлі әдіс-тәсілдердің түрлерін қолданып, әрбір оқушыға қолайлы жағдай жасап, тақырыпқа байланысты берілген материалды игеріп, оқушының шығармашылық қабілеттігін, танымдық қасиетін дамытуға, білім, біліктілігін, тәрбиесін қалыптастыруға бағытталған оқу процесінің түрі.

Осыған байланысты сабақтың түрлерін жіктеудің де өзіне тән ерекшеліктері бар. Олар мынандай:

- оқылатын тақырыптың мазмұнына жалпы қорытынды жасау;
- белгіленген жоспарға сай оқу материалын белгілі ретпен игеру;
- жоспарға байланысты басты қағидаларды жалпылама қорытындылай, бекітіп тұжырымдама жасау;
- берілген материалды оқушылардың қалай меңгергендігін анықтай отырып, әрбір тұжырымына және ережелеріне тоқтап нақтылау;
- өткен тақырып материалдарының негізгі қағидаларын еске түсіре отырып, үй тапсырмасын бағалау;
- жаңа материалды игеруді ұйымдастыру мен қатар, оны түсіндіру;
- өткен тақырып бойынша білім сапасын тексере отырып, бекіту және қорытындылау;
- білімін, біліктілігін, шеберлігін, дағдысын практика жүзінде қолдана білу.

Сабаққа қойылатын басты талаптар

Сабақтың мақсатын, міндетін, біліктілігін, тәрбиелілігін жоғарғы деңгейге жеткізу үшін басты талаптар мынандай:

- ❖ оқушылардың тамымдылығының, белсенділігінің жоғары деңгейде болуы, әсіресе, танымдылығын белсенді түрде шешуге бағыттау арқылы практикалық мәселелерді шешуге үйрету;**
- ❖ оқушылардың танымдылық іс-әрекетіндегі өз бетімен ізденуге үйрете отырып, білімін дамыту;**
- ❖ жоғары деңгейдегі ұйымдасу мен әдістемелік деңгейін, яғни әртүрлі кешенді әдіс-тәсілдерді, оқу құралдарын, сабақтың тиімді құрылымдарын қолдану;**
- ❖ оқушылардың танымдылық, шығармашылық қабілеттігін дамытып, ойлау жолдарын тиімді пайдалануға бағыттау;**
- ❖ оқуға деген көзқарасын, мәдениетін, оқу құралдарымен жұмыс істеу әдісін меңгере отырып, әртүрлі техникалық оқу құралдарын да меңгеруге дағдыландыру;**
- ❖ оқыту үрдісін жеке тұлғаға бағыттау, яғни оқушының жеке басына талапты күшейтуге, оның қабылдау мүмкіншілігін, қабілетін ескере отырып, берілген тапсырманы өз бетінше, өзінің еңбегімен шешуге үйрету.**

Биология сабағының құрылымы

1. Сабақтың құрылымы, оның жоспары негізінен алғанда оқу материалының мазмұны мен қолданатын әдістеріне байланысты. Сондықтан сабақтың жоспары бойынша оның мазмұнының құрылымын айқындауға болады (негізі бөлімі, әдісі және қажетті құралдар).
2. Сабақты оның мазмұнына және әдісіне сүйеніп екі топқа ең бірінші жіктеп көрсеткен **И.Н. Казанцев** болған. Оның бірінші критериясы бойынша немесе мазмұнына қарап жіктеуді мынадай мысалдан байқауға болады. Жалпы биология сабағы мазмұны бойынша ботаника, зоология, адам және оның денсаулығы, цитология, генетика, эволюциялық ілім, экологиялық деп бөлінеді. Ал сабақ өткізу әдісі бойынша эскурция сабағы, кино сабағы, өз бетімен жұмыс жүргізу сабағы, зертханалық сабақ.
3. Сабақтың логикалық мазмұны бойынша және танымдылық іс-әрекетіне байланысты мынадай типтерге бөлуге болады: 1) кіріспе сабақ, 2) материалдармен алғашқы таныстыру сабағы 3) жаңа материалды үйрету сабағы, 4) теориялық білімін практика жүзінде қолдану сабағы, 5) дағдыландыру сабағы, 6) бекіту, қайталау және қорытынды сабағы, 7) бақылау сабағы, 8) аралас сабақ.

Жоғарыда көрсетілген сабақ өткізудің кезеңдері өте маңызды және өзара тығыз байланыста болады. Бірақта осылардың ішіндегі ең басты жаңа материалды түсіндіру болып саналады. Осыдан кейін барып оның басқа кезеңдерін – бекіту, бақылау, үй тапсырмаларын орындауына мән бере отырып, сабақтың тиімді өткендігіне баға беруге болады. Сондықтан сабақтың құрылымын, оның өткізу кезеңдерінің ретін сақтау, т.б. әрбір мұғалімнің өз еркіне байланысты. Сабақтың басты нәтижесі оның мақсаты мен міндетіне жете отырып, сапасының жоғары болуы деп есептеледі.

Сонау Коменскийден және Герберттен бері келе жатқан классикалық төрт буынды: жаңа тақырыпты игеруге дайындық бөлімі; жаңа тақырып материалдарын игеру және шеберлігін, іскерлігін арттыру; оларды бекіту және жүйелеу; іс жүзінде қолдану сияқты дәріс берудің осы уақытқа дейін сақталып келе жатқандығын байқауға болады.

Осыдай сабақ формасын аралас сабақ деп атайды.

Сабактың құрылымын қалыптастыруға тағыда бір қолданатын әдісінің бірі **проблемалық оқыту** болып саналады. Оны өткізу сызбасы мынадай болады: ұстаздың проблемалық мәселені қоюы, осы арқылы алдына қойылған ситуациялық жағдайларға ізденіс жасау, болжау жасау арқылы өткен білімдеріне сүйене отырып, шешуге тырысу. Проблемалық оқыту процесінде әртүрлі деңгейдегі күрделі әдістерді қолдана отырып, шешуге болатындығын естен шығармау керек. Енді осы әдістердің кейбіреулерін қарастырып өтейік.

Проблеманы мазмұндау әдісі. Белгілі проблемалы жағдайды нысанаға алып, оқытушы оның шешу бағытын жайлап аша отырып, кейбір қарама-қайшылықтарын және шығу жолдарын дәлелдей келе, осы қойылған мәселені шешуге бағыт, бағдар береді. Оны мына мысал арқылы талдап көрсетуге болады. "Организмдер тобындағы қоректік тізбектегі улы заттардың жинақталуы" деген тақырып бойынша.

Қойылған проблема. 1953 жылы Жапонияның Минамата шығанағы жағасындағы бір ауылда тұратын адамдар аяқ астынан өле бастаған. Осы балықшылар аулына келген дәрігерлердің байқауы бойынша адамдармен қатар мысықтар да өле бастайды. Мүқият зерттеудің көрсетуі бойынша бұндай өлімнің басты айыпкері сынаппен улану деп шешкен. Ауылға жақын орналасқан химиялық зауыт өзінің қалдықтарын шығанаққа тастап отырған. Ал сынап қосылысы жануарлар мен адам организміне қалай түскен деген сұрақ туады?

Жарым-жартылай ізденіс әдісі. Бұл әдісті пайдаланғанда ұстаз проблемалық мәселені шешу жағдайын қою арқылы жүргізеді. Бір бұл проблеманы шешуге мұғалімнің көмегі керек, себебі мұғалім көмектесе отырып, оқушылардың осы проблеманы өздері мазмұндап, ойланып шешуіне әсерін тигізеді. Бұған ең жақын көрнекті әдістеменің бірі эвристикалық сұхбат эврика – ойлап табу.

Зерттеу әдісі. Басқа әдістер сияқты проблемалық жағдайды, мәселені оқытушы қояды, ал оқушылар проблеманы өзбетімен шешуге тырысады.

Ізденіс әдісі. Бұл проблемалық оқытудың ең шыңына жеткен әдісі деп айтуға болады. Себебі бұл әдісті қолдана отырып, оқушы жаңа білім және игеру әдістерін өзбетінше мұғалімнің көмегісіз орындауы тиіс. Әрине, бұл әдіс көбінесе, жоғары класс оқушыларына тапсырылады, себебі олардың теориялық білім базасы бар және дүниеге деген көзқарастарының да қалыптасқан уақыты.

Лекция – семинар түрінде сабақ өткізу

Оқытудың бұл формасы тақырыптың мазмұны аса күрделі болған жағдайда қолданылады. Бұл әдіс көбінесе, жоғары класс оқушылармен жүргізіледі. Бұл сабақта уақыттың жартысы дәріс түрінде мазмұндауға кетсе, қалған уақытында оқушылардың өз бетінше берілген натуралды объектілерді көруге, танысуға берілсе, үшінші бөлімі семинар түрінде жүргізіледі.

Дәріс – семинар түрінде өткізілетін сабаққа дәріс және семинар түрлерін кіргізуге болады, егер сабақтың тақырыбы үлкен бір күрделі проблемаларға арналған болса. Мысалы, X класстағы «Зат алмасу және клеткадағы энергияның алмасуы» деген тақырып бойынша дәріс түрінде оқып, фотосинтез, белоктардың биосинтезі, сонымен қатар тіршіліктің пайда болуы жайлы проблемалар бойынша семинар түрінде жүргізілген тиімді болады.

Әрине, **дәріс-семинар** түріндегі өткізілетін сабақтың тиімділігі оқытушының сабақты мазмұндау шеберлігіне және семинар сабағын ұйымдастыра білу қабілеттілігіне көп байланысты болады.

Семинар сабағында оқушылар берілген жоспар бойынша баяндама жасайды, әртүрлі есептерді шешуге қатысады. Семинар сабағын өткізудің дәстүрлі формаларының бірін мынандай сызба түрінде көрсетуге болады: тақырыбын анықтау талқылауға қойылатын сұрақтарды дайындау – қосымша әдебиеттерді талдау- тапсырмалар мен тақырыптарды саралап болу семинар сабақтың жоспарларымен таныстыру – қорытындылау.

Семинар сабағына берілген сұрақтарға оқушылардың бар-лығы да дайындалып келуі тиіс, бірақ, олардың ішінен бірнеше оқушыларға баяндама жасауға нақты тапсырмалар беріледі.

Экскурсия (табиғат аясына саяхат)

Табиғат аясына саяхат жасаудың оқушылардың білімін тереңдетумен қатар тәрбиелік маңызының зор екенін әрбір ұстаз өте жақсы біледі. Бірақ осы мәселеге соңғы кездері онша мән бере-бермейді, оның басты себебі көптеген бағдармаларда оған бөлетін сағат саны жетіспейді. Бірақ бұл фактор экскурсия өткізе отырып, баланың теориялық білімін практика жүзінде шыңдауына үлкен кедергі жасамау керек. Сондықтан қазіргі кезде әрбір ұстаз өзінің пәнінің бағдарламасын қалай жоспарлайын десе өз еркінде. **Саяхатқа шығуға** жалпы берілген сағат санына үнемдей отырып табуға болады. Биология пәнін толық терең түсіну, үйрену тірі объектілерді қолымен ұстап көзімен көре отырып зерттеу, оның табиғаттағы орнын, өзара байланыстарын, арақатынастарын түсіну тек табиғи жағдайда ғана болатын процестеріде көзін жеткізуге болады.

Табиғатқа саяхатқа шығудың өзіне тән талаптары мен ережелері бар. Сондықтан да оқушыларды алдын ала таныстыру басты парыз. Экскурсия өткізу бірнеше кезеңнен тұрады: дайындық кезеңі, өткізу кезеңі, қорытындылау кезеңі және оның нәтижесін күнделікті дәріс беру кезінде пайдалана білу. Сондықтан экскурсия нәтижелі өту үшін осы айтылған кезеңдердің рет-ретімен орындалғаны жөн.

1. Саяхатқа дайындық – оның уақыты, орны, мақсаты міндеттері және тақырыптық жоспарынан басталады. Осыған байланысты алдын ала саяхат жүргізілетін аймақ жан-жақты зерттеліп, оның географиялық, биологиялық, өндірістік, т.б. сипаттамаға аса көңіл бөлу керек.

2. Әрине, экскурсия өткізудегі ең басты фигура мұғалім. Сондықтанда ол болашақ сұхбат жайлы әңгімеден бастайды. Жоғары айтылған мақсатқа қалай жетуге болады, саяхат кезінде берілген тапсырмаларды қалай орындау керек, оның нәтижесі бойынша әрбір оқушының немесе топтардың есептері тыңдалып, нәтижесі бойынша қорытынды жасалады.

Сыныптан тыс және сабақтан тыс өткізілетін дәрістер

Оқушыларға білім және тәрбие беруді басты рөлін атқаратын оқу процесінің формаларының бірі **сабақтан тыс және кластан тыс жұмыстар** болып саналады.

Сабақтан тыс жұмыстар биология кабинетінде, тірі табиғат аясында, табиғат аясында оқу-тәжірибе участогінде орындалады.

Жұмыс тәжірибе, өсімдіктердің коллекцияларын, гербарийлерді бақылау арқылы жүргізіледі. Әрбір оқушы жылына бір, екі жұмысты сабақтан тыс жағдайда орындау керек. Осы орындалған жұмысты ұстаз бағалап, отырады. Кластан тыс жүргізілетін жұмыстардың тапсырмалары өткен сабақтың тақырыптарына жақын, тіпті, сәйкес келуі де мүмкін. Үй жұмысы сияқты кластан тыс жұмыстарды оқушыларға алдын ала бірнеше мерзім ішінде орныдауға беріледі бір аптаға, айға немесе бірнеше тәулікке.

Кластан тыс жұмыстар да оқушылармен еркін түрде, өз қалаулары бойынша жүргізілетін сабақтың формасының бір түрі болып есептеледі. Мұғалімнің басқаруымен оқушылардың биология пәніне деген қызығушылығын арттыруға, үлкен әсерін тигізеді. Сондықтан да кластан тыс жұмыстардың білімдік маңызымен қатар оқушыларға тәрбиелік те рөлі бар (еңбекке, мәдениетке, табиғатқа деген көзқарасының дамуына және қалыптасуына, ұйымшылдыққа жеке шығармашылығының жоғарылауына, т.б.).

Биология пәніне жүргізілетін кластан тыс жұмыстардың формалары алуан түрлі: топтасып жүргізілетін жұмыс, жеке түрде жүргізілетін жұмыс.

Топтасып өткізілетін жұмыстарға: жас натуралистер үйірмесіндегі жүргізілетін жұмыс, биология кабинетінде «ассистенттік» жұмыс атқарып, оны жабдықтауға, безендіруге қатысу жатады.

Сабақтың құрылымы

Сабақ беру әдістері және олардың қызметі. Оқу тәрбие процесінде оқыту әдісі басты-басты: білімділік, дамытушылық, тәрбиелік, мотивациялық бақылау, коррекциялық қызмет атқарады.

Әдіс арқылы білім беруде мақсатқа жетуге болады. Оқушының даму деңгейімен оның қарқынын белгілейді, ол оның дамытушылық қызметіне және тәрбиелік нәтижесіне жеткізуге мүмкіндік жасалады. Ұстаз үшін оқыту әдісі оқушының білімге деген ынтасын ояту, қоздыру қызметін атқарады. Ең ақырында ұстаз әдістерді қолдана, бақылай отырып, оқу процесінің барысына баға береді және керекті жерінде тиісті өзгерістерді енгізеді. Бұл оның бақылау- коррекциялау қызметі болып саналады. Әрине оқыту әдіс-тәсілдерінің қолданылуы тұрақты, өзгеріссіз болады деген сөз емес, керісінше, оқу барысында ол әсіресе, төменгі сыныптан бастап жоғары сыныпқа қарай өзгереді.

- 1. Әңгіме** – басты қызметі оқыту, үйрету, білім беру. Ауызша түсіндіру, оған қоса білімдік, тәрбиелік және бақылау өзгерістер енгізу. Әңгімелеу (ауызша түсіндіру) – оқу материалын (монолог) бір жақты белгілі ретпен, жүйелі түрде талдай, қарапайым ұғындыру. Бұл әдіс көбінесе, төменгі сынып оқушыларымен, ал 2-3 деңгейлер белгілерімен сирек қолданылады. Алдына қойған талап, мақсатқа байланысты әңгімелесудің бірнеше түрлері бар.

Кіріспе әңгіме – әңгіме түрінде баяндау. Қорытынды әңгіме бірінші түрі- оқушыларды жаңа материалды игеруге бағыттау; екінші – белгіленген материалдың мазмұнын баяндау; үшінші – осы үзіндіден қорытындылай айту.
- 2. Ауызшы әңгімелеу** үшін мұғалім жоспар жасап, керекті материалдарды тандап, жинақтап тәсілдерін ойлап, таңдап, алдын ала дайындалып барып өткізеді. Әңгіме кезінде ең басты моменттерін көрсетіп, анықтап болып айтады. Әңгіме өте ұзаққа созылмауы тиіс (10 минут). Әңгіме арқылы оқытудың тиімді болуы оның басқа әдістерді қоса пайдалана отырып өткізгенде көрінеді. Әсіресе, мысал арқылы суретте (төменгі сыныптарда) талқылау (орта және жоғары сыныптарда) әсіресе болған оқиға жағдайының жері, уақыты, фактілері, т.б.
- 3. Әңгіме, кеңес.** Дидактикалық жұмыстар ең бір көптен пайдаланып жүрген ескі әдістеріне жатады. Сонау Сократ заманынан қолданылып келе жатқан әдіс. Бұл әдістердің басты қызметі – түрткі болу, сезімін ояту, ізденіске итермелеу.

Дедукциялық әңгімелесу кезінде түсіндіру оқушыларға белгілі ереже, принциптері мен түсініктерге талдау жасай отырып, жеке бір қорытындыға келеді.

Индукциялық әңгіме кезінде түсіндіруде жеке фактілер мен түсініктерге талдау жасай отырып жалпы қорытындыға келеміз. Сонымен қазіргі дидактикалық көзқарасқа сүйенетейін болсақ, көп жағдайда өте тиімді, әсіресе:

- оқушыны сабаққа өз бетінше жұмыс атқаруға дайындауда;
- жаңа материалдармен танысуда;
- білімін жинақтап зерттеп және бекітуде;
- білімін күнделікті бақылауда және білім деңгейін анықтауда.

Әңгімелесудің де бірнеше түрлері бар:

- 1) Кіріспе немесе ұйымдастырушы;
- 2) Білімнің жаңалықтарын айтып түсіндіру;
- 3) Синтездеу немесе бекіту;
- 4) Бақылау коррекциялау;

Кіріспе әңгімеде немесе пәнге кіріспе оқу жылының басында осы пән бойынша алдына қойған мақсатты анықтап, балаларға бағдар, бағыт беріп, оны игере алуы жайлы, қалай жұмыс істеуі, орындауы т.б. түсіндіріледі.

Дәріс – басқа әдістермен айырмашылығы құрылымы өте күрделі түсіндіруіне де, ақпаратқа да өте бай. Түсіндіру белгілі бір жүйелік сипатпен жүреді, мектеп дәрісі белгілі бір күрделі құбылыстардың, процестердің аралығында, байланыстардың себептерін түсіндіру кезінде пайдаланылады. Көлемі жағынан сабақ уақытын толық пайдалануға дәріс жоспарын нақты бөліп жасап көрсету.

- ❖ Тақырыпты атап, оның жоспарын мақсаты мен міндетін оқушыларға хабарлап айту керек;
- ❖ Жоспар бойынша барлық пункттерін белгілі бір деңгейде, белгілі бір ретпен мазмұндау;
- ❖ Әрбір пунктті мазмұндап тіркегеннен кейін қысқаша жалпы қорытындылау;
- ❖ Дәрістің бір бөлімінен екінші бөліміне көшерде арасындағы логикалық байланысына көңіл бөлу.

Мазмұндау барысында дәрістің проблемалық жағы және оқытушының сезім әсері (эмоция);

- Тілі, мысалдар, фактілер, салыстырмалылығы;
- Аудиториямен байланысы, оқушылардың тыңдау, ойлау қабілетінің қызметін дұрыс басқара білу;
- Дәрістің маңызды жерлерін жан жақты ажыратып, айқындай түсіндіру;
- Мазмұндау темпі, дәрістің негізгі басты-басты жерлерін конспектілеу;
- Кейбір кезекті жерлерін бөліп, оны жазуға мүмкіндік беру;
- Көрнекті құралдарды пайдалану арқылы оқу материалын оңай қабылдап, оны түсінуге жеңілдік жасау.

Талқылау сабағы жаңадан пайдаланып келе жатқан әдіс. Белгілі бір мәселе проблема бойынша пікір алмасу болып есептеледі. Осы әдіс арқылы оқушы жаңа білім алады. Оның пікірін ойын дамытады және соны жақтауға тырысады.

Биология мұғалімінің жұмыс жоспары

1. Жылдық және ширек жылдық оқу жоспарын құру (биологияның бір тарауына); 2. Мектеп курсының бір тақырыбынан тақырыптық жоспар құру; 3. Сабақтың тақырыптық жоспарын дайындау; 4. Аудиториядан тыс уақытында базалық мектептерге барып, жұмыс жоспарымен танысу.

Жылдық жоспарды құру. Жылдық жоспар оқу жылының толық мерзіміне жасалады. Сондықтан байланыстар тек сабақтардың өзара аралығындағы емес сабақ жүргізудің басқа да түрлерімен: экскурсия, үй және сабақтан тыс тапсырмалар, сыныптан және мектептен тыс шаралармен де өз бетінше дамушылық, шығармашылық жұмыстарымен де тығыз баайланыста болуы тиіс.

Тақырып бойынша жоспар құру. Тақырып жоспары – дидактикалық талапқа сай тақырыптың ғылымилығын, белгілі бір логикалық тәртіппен баяндау арқылы түсіндірілетін сабақтардың жүйесі болып есептеледі.

- 1. Сабақтың құрылымының орнын өзгертіп пайдалануға болады. Әрбір сабақтың типін мынандай ұйымдастыру түрлерін қолдану арқылы түрлендіруге болады. Мысалы: жаңа сабақты дәріс, аралас, кіріктірілген әңгімелесу-пікірлесу сабақтары арқылы жүзеге асыруға болады.**
- 2. Жүйелеу сабағында семинар, конференция, аралас сабақтарды қолдану арқылы жақсы нәтижеге жетуге болады.**
- 3. Аралас сабақты сабақтың типіне де, түріне де жатқызуға болады.**
- 4. Қорытынды сабақты жарыс КВН, аукцион сабақтарын пайдаланып, жақсы нәтижеге жетуге болады.**
- 5. Сынақ сабақтары сынақ алу және бақылау сабақтары арқылы жүзеге асырылады.**
- 6. Сабақты жоспарлаудың үлгісі.**
 - 1) Сабақтың тақырыбы: нақты, түсінікті болу шартын тақтаға жаз.**
 - 2) Сабақтың үш мақсаты (оқыту, тәрбиелеу, даму).**

Қорытынды:

Оқытудың басты негізі – оқушылардың практикалық қызметі, оқу жүйесі белгілі ретпен білім игеру. Ең бір кең қаралған, тұрақты оқу жүйесі – мектеп бағдарламасы бойынша сыныпта сабақ өткізу жүйесі.

Оқу жоспарына кірген факультативті сабақтар. Оны оқушылардың өзі таңдай отырып білімін кеңейтуге, шығармашылық қабілеттігін машықтауға арналған. Сонымен бірге міндетті түрде өткізілетін сабақтардан тыс, берілген кестеден бөлек сабақтан тыс, сыныптан тыс түрлерін, мысалы, пәндік үйірмелер, ғылыми қоғам, сайыстар, олимпиадалар, конференциялар өткізуге болады.

Ізденіс әдісі. Бұл проблемалық оқытудың ең шыңына жеткен әдісі деп айтуға болады. Себебі бұл әдісті қолдана отырып, оқушы жаңа білім және игеру әдістерін өзбетінше мұғалімнің көмегісіз орындауы тиіс. Әрине, бұл әдіс көбінесе, жоғары класс оқушыларына тапсырылады, себебі олардың теориялық білім базасы бар және дүниеге деген көзқарастарының да қалыптасқан уақыты.

Пысықтау сұрақтары:

1. Сабаққа қойылатын талаптарға сипаттама беріңіз.
2. Логикалық мазмұны бойынша сабақты неше типке бөлеміз?
3. Индуктивті және дедуктивті логикалық жүйемен сабақ өткізу әдісі дегеніміз не?
4. Проблемалық жағдай туғызып, сабақ өткізудің тиімділігі неде?
5. Сабақтың құрылымы, түрлері жайлы не білесіз?
6. Мұғалімнің жұмыс жоспарына талдау жасаңыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Верзилин Н.М., Косунская В.М. Общая методика преподавания биологии. – М., 1983.
2. Зверев И.Д., Мягкова А.Н. Общая методика преподавания биологии в школе. – М., 1985.
3. Торманов Н.Т. Биологияны оқыту әдісі.- Алматы, 2000.
4. Пономарева И.Н. Общая методика обучения биологии. – М., 2007.
5. Якунчева М.А. Методика преподавания биологии.- М., 2008.
6. Конюшко В.С. Как подготовить урок биологии. –Минск, 1988.
7. Современный урок биологии. Под.ред. Косунской В.М. –М., 1986.
7. Журнал «Биологии в школе».– М., № 2000-2013 г.
8. Журнал «Биология және салауаттылық негізі». –Алматы, №2000-2012.
9. Горелов А.А. Концепции современного эстествознания. М.: «Центр» 1997.- 208 с.
10. Комиссаров Б.Д. Мтодологические проблемы школьного биологического образования. М.: «Просвещение» 1991.- 158 с.
11. Проблемы методики обученя биологии в средней школе под.ред. М.Д.Зверева. М.: «Педагогика» 1978.- 317 с.
12. Торманов Н., Аблайханова Н.Т. Биологияны оқытудың инновациялық әдістері. Алматы.: «Қазақ университеті» 2013.- 258 бет.
13. Янукович Ф. Мехнология обучения в системе высшего образования. М.: «Высшая школа» 1986.- 132 с.

Назарларыңызға рахмет!!!

